

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 1347 тіркелген "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 263 бұйрығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 08-1/90 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2407. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 08-1-1-1/13 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011.01.19 № 08-1-1-1/13 (мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес келтіру  
мақсатында бұйрыамын:

1. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 30 желтоқсанда N 1347 тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 08-1/47 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 263 бұйрығына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа:

1) 20 тармақтың 1) тармақшасындағы "басқа мемлекеттің" деген сөздерден кейін "әскери қызметіне," деген сөздерімен толықтырылсын;

2) 26 тармақтағы үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

*Министрдің М.А.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК